

Шымкент қаласының білім беру және мәдениет ұйымдарына атау беру және атауын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № 799 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., № 11, 81-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласы білім басқармасының "№ 72 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Сағадат Нұрмағамбетовтің есімі берілсін.
2. Шымкент қаласының мынадай мәдениет және білім беру ұйымдарының атауы:
 - 1) Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының "Отырар" қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Шымкент қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының "Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапхана" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
 - 2) Шымкент қаласының білім басқармасының "Хамза атындағы № 53 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шымкент қаласы білім басқармасының "Сабыр Рақымов атындағы № 53 жалпы орта білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин